

2016 жылғы 25 қазанда «Қазақстанская правда» және «Егемен Казакстан» атты республикалық газеттерде ол туралы ақпараттық хабарлама жарияланған «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ акционерлерінің 2016 жылғы 13 желтоқсанға белгіленген кезектен тыс жиналысының күн тәртібіне толықтырулар енгізу туралы құлақтандыру

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) осымен өз акционерлеріне Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17-үй мекенжайындағы (Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері) 1201 конференц-залында 2016 жылғы 13 желтоқсанда 10 сағат 00 минутқа белгіленген акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселенің енгізілгені туралы хабарлайды.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабының 1-тармағына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесі күн тәртібіне «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Жарғысына өзгерістер енгізу туралы» қосымша мәселені енгізеді.

Толықтырулар ескерілген күн тәртібі:

1. «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Жарғысына өзгерістер енгізу туралы.
2. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату.
3. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау.